

Кел, балалар, оқылық!



Бал дәурен

№18 (361) 15 қыркүйек 2016 жыл

Газет 2001 жылдан бастап шығады

Оқушылар хаттары

Ұстазымның өткен сабағы




Адамның бойында жақсы адамгершілік қасиеттерінің болуы, өнер білімді игеруі, өскен ортаға, сонымен бірге білім беретін ұстазға байланысты деп ойлаймын. Адам талаптанса, ынта, жігері болса, қандай пәнді болмасын игеруге шамасы жетеді екен. Бір жағынан ол сабаққа оқушыны ынталандыратын мұғалімнің өз пәнін қызықты өткізуі де үлкен рөл ойнайды. Соның бірі менің сүйікті ұстазым, ән-

әуез пәнінің мұғалімі Қайрат Қамаров.

Жақында ұстазымыз бізбен "Абай әндері" тақырыбында сабақ өткізді. Абай әндерінің терең сыршылдығымен, мол иірімдерге толы лирикалық көңіл-күйімен таныстық. "Желсіз түнде жарық ай", "Көзімнің қарасы", "Айттым сәлем Қаламқас" әндерін жүрегімізбен сезіне, тамылжыта шырқадық. "Сегіз аяқ", "Бойы бұлғаң", "Татьянаның хаты" әндерін құмарта тыңдадық. Ұстазымыз бізге ән үйретугемен қатар Абай атамyzдың ғибратты, тәлім-тәрбиеге толы сөздерінен де хабардар етті.

Дүниеде ең оңай нәрсе: кісіге ақыл айту, айтпау, жазғыру, жазалау. Бұл бар адамның қолынан келеді. Ең қиыны адам тәрбиесін үйрету, оқыту. "Ұстазға қарап шәкірт өсер" деп халқымыз ұстазға үлкен жүк артқан. Біз ұстазымыз Қайрат Мұсағарұлына үлкен сенім арттамыз. Бізді әсемдік әлеміне қызықтырып, ән мен сахна мәдениетіне үнемі баулып үйретіп жүреді.

Аяғөз РАЙБЕКОВА,
№11 орта мектептің
7-сынып оқушысы.



Суретті салған
№203 мектептің
3-сынып оқушысы
Аружан
ЖОЛАМАНҚЫЗЫ.
Жалағаш ауданы

Тәрбиенің алтын бесігі

"Бала естігенін айтады, көргенін істейді" деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата-анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезінен, жүріс-тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын, салт-дәстүр, мақал-мәтелдер, ертегілер, жұмбақтар, айтыс өлеңдер арқылы сіңіру ата-ана мен тәрбиешілердің басты міндеті.

Ертегінің тәрбиелік мәні зор. Ол сәбидің қиялына қанат бітіріп, бойындағы игі қасиеттердің қалыптасуына жол бастайды. Мысалы "Шалқан" ертегісін тыңдап болған соң, балалар шалқанды көптің көмегімен жұлып алғанын білді. Ал, "Ақмышым" ертегісін тыңдап болып, кішкентай бүлдіршіндер қамқорлық, мейірімділік сезімдерімен танысты.

Адамгершілік дүниесіндегі

ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қымбат қазыналарымыздың бірі - бесік жыры, мақал - мәтелдер болып келеді. Сәбилер "бесік жырын" тыңдай отырып, ананың бесік жырымен, әлдиімен, өзінің туған тілінің әуенінен тұңғыш рет нәр алады. Мақал-мәтелдер арқылы кішкентай бүлдіршіндеріміздің қайырымдылық, ілтипат сезімдерін арттырамыз, адамгершілік сезімдерін оятамыз. "Үлкенге - құрмет, кішіге - ізет" деген мақал - мәтел арқылы бала бойына үлкенді құрметтеу, қамқорлық сезімдерін туғызады.

Балаларды еңбек сүйгіштікке баулу арқылы адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін дамытуға болады.

Шолпан ТЕМІРБАЕВА,
№11 орта мектептің мектеп
алды даярлық тобының
мұғалімі.



Суретті салған №167 мектептің
6-сынып оқушысы
Сүннетәлі МАХМУДҰЛЫ.
Жаңақорған ауданы


Тіл анасы

Қазағымның сөнбейді алтын күні "Тіл- тіршіліктің бастауы" деп бекер айтылмаған. Себебі, адам баласы ес білген кезінен бастап айналадағы жаңа ұғымдарды ана тілі арқылы қабылдап, үйрене бастайды. Ана тілін балалар ананың әлдиінен, бесік жырынан, қоршаған ортасынан еліктеу арқылы үйренеді. Есейе келе кітаптан, қоғамнан, халықтан үйреніп, меңгереді. Осылай ана тіліміз ананың ақ сүтіндей бойымызға сіңе береді. Әркім өзінің ана тіліне деген құрметін ешқашан жоғалтпауға тиіс. Өйткені, ана тілі арқылы ғана маңайындағыны саралап ой түйетін адам өзінің еліне деген сүйіспеншілігін арттыра түседі.

Қазақтың ұлы тұлғалары Абай, Мағжан, Мұхтар, Сәбит, Жұбандар сөйлеткен қазақ тілі. Қазақ халқымен,

бірге абыройлы да асқақ, сынақты да сындарлы тағдырды басынан кешірді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін түйіп, жүйелі сөзбен алқалы топты еңсерген ойшыл, шешендерді ел басқару ісіне арластырып, халық жүрегінде жатталған дала данышпандары, кемеңгер ойдың кемелді арнасы, тілінен бал тамған, қара қылды қақ жарған әділетті би-шешендер ұлылық пен ұлағат, өнеге мен тағылымның мектебі, аталы ойдың алтын қазығы бола білді. Тек ана тіліміз арқылы ата-анаға, елге, Отанға, халыққа деген махаббатымызды жеткізе аламыз. Адам баласы өз анасын қалай сүйсе, өз тілін де солай сүюі тиісті екені анық.

Рамазан ТҰҒЫШБАЕВ,
№253 мектептің 10-сынып
оқушысы.



Суретті салған
№167 мектептің
7-сынып оқушысы
Балауса
ӘБУБӘКІРҚЫЗЫ.
Жаңақорған ауданы

АЛАКӨЛ ТҰРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

"Қара балшық, ыстық жүгері алыңыздар"!... Қош келдіңіз, сай айдынды Алакөлдесіз! Алакөл - Қазақстанның оңтүстік-шығысында орналасқан тұйық және тұзды, шипалы көл. Қазақстандағы курортты аймақтардың бірі саналатын Алакөлде өткізген үшкүндік демалысым қалай өтті? Не көрдім, не білдім, не түйдім? "Ұландық" достарыммен бөлісуді жөнт көрдім. Ұнап жатса, жаздыгүні айдынды Алакөлге ат басын бұрсаңдар, тіпті керемет! Сонымен, менің Алакөл туралы білетінім мынау:

"Алакөлде көптеген ауруларға шипа болатын қара балшық және ақ сазбалшық бар. Қара балшық әсіресе буын ауруларына таптырмас ем болады.

"Мұнда алыс-жақын шетел азаматтары келіп демалады. Ресей мен Қытай елінің туристері Алакөлге саяхатын жыл сайын алдын ала жоспарлап қояды екен.

"Асқазан суы" жайлы естіуіңіз бар ма? Алакөл маңында асқазан ауруына ем болатын шипалы су бар. Жергілікті халық оны "иісті су" деп атайды. Осы судың қасиетін естігендер алыстан ат терлетіп арнайы келетін көрінеді.

"Барлық Арасанға" баруды да жоспарлап жүрсіз бе? Алакөлден 20 шақырым жерде "Барлық-Арасан" сауықтыру орталығы орналасқан. Алакөл мен Арасанда апта бойы демалып, барлық ауруларыңыздан құлан-таза айығып кете аласыз. "Бір оқпен екі қоян атып алуға" жақсы мүмкіндік.

"Реликті шағала - Алакөлдің ерекше символы. Әлем бойынша шағаланың бұл түрі тек Алакөл мен Моңғолия жерінде ғана кездеседі.

"Таңертең ерте көл жағасына барып көріңізші. Мүлгіген тыныштық, саф ауа, жағаға ұрған толқын мен реликті шағаланың көл бетінде қалықтауы жаныңызға жайлылық сыйлайды. Күйбең тіршіліктің қиындықтарын ұмытып, демалыстың нағыз рахатын сезінгіңіз келсе, күн

шыға салып, ертемен Алакөл жағалауында серуендеп қайтыңыз. Таң шапағы көл бетіне түскенде қайталанбас әдемі көріністің куәсі бола аласыз. Түнімен тыныққан таза да мөлдір суға шомылып алсаңыз да болады. Күні бойы сергек жүруіңізге үлкен себі бар. Сондықтан, ерінбейіз, ерте тұрып көл жағасына келіңіз!.

"Түйе, жылқы, пони мен есек дегендерді тек хайуанаттар бағынан көріп жүргендер үшін Алакөл жағалауы "тірі зоопарк". Мұнда бұл жануарларды тек сыртынан тамашалап қана қоймай, сипап, тамақтандырып, мініп, қыдырып келуге де болады. Ал бағасы 200-500 теңге арасы.

"Өкпенің қабынуы, тыныс жолдары ауруынан азап шегіп жүрсіз бе? Алакөлдің таза ауасымен кең тыныстап көріңізші. "Алакөлдің ауасы - жанның дауасы" дейді халық. Расымен де, 600 шақырым радиустағы ауаның құрамында ешқандай зиянды қоспалар жоқ дейді мамандар. Сондықтан, демікпе мен өкпе, тыныс жолдары ауруларының алдын алу үшін де кең тыныстап қайтсаңыз өбден болады.

"Алакөл теңіз деңгейінен 345 метр биіктікте орналасқан қазаншұңқырдан пайда болған. Сондықтан, қан қысымынан зардап шегіп жүргендер үшін аса қолайлы демалыс мекені. Алакөлге келгенде қан қысымы мазалайтындар кемде-кем.

"Алакөл жағасында қаз-қатар тізіліп, күн сәулесіне қыздырынып жатқан немесе қара балшық жағып алған адамдардың көптігін көрсеңіз, таңғалмаңыз. Қара балшықтың пайдасы мен тұзды судан соң күнге күйу туралы аңызға бергісіз әңгімелерден соң сіздің де қызығушылығыңыз арта түсетініне сенімдімін.

"Судың құрамында натрий хлориді тұздары мен түрлі минералдар, аз мөлшерде кремний ерітіндісі кездесетіндіктен, Алакөлдің суы экзема, псориаз, нейродермит, тері ауруларына дауа. Арнайы демалыс орындарында антипсор дәрісі арқылы емдеу

шараларын жүргізу жолға қойылған.

"Кеңес Одағы кезінде жабық аймақта ғарышкерлерді емлеу шаралары жүргізілген екен. "Космонавтар үйі" аталған аймақта айлап демалған ғарышкерлердің ағзасы радиациядан айығып шығатын көрінеді. Демек, Алакөлдің шипалы екені ертеден-ақ белгілі.

"Ертеде, жаугершілік заманда, Қабанбай батыр мен оның сарбаздары жараланып қалғанда, күні бойы көлден шықпай жатады екен. Сонда дене жарақатының бәрі жазылып кететін көрінеді. Бұл да көл суының емдік қасиетінің дәлелі.

"Туған-туыс, достарыңызға арналған естеліктер мен кәдесыйлар да таба аласыз. Тек, Алакөлде ғана кездесетін ерекше тесік тастар мен жалпақ тастардан жасалған сыйлықтар, ақ қайыңның қабығынан жасалған әшекейлерді қолжетімді бағада сатып алуға болады. Осындай таңғаларлық сұлулық пен үйлесімді қарапайым заттардан қашап жасалған жандарды сиқыршы демеске шараң бар ма?

"Алайда, суға шомылғанда абай болыңыз! Алакөлдің тереңдігі 75 метрге дейін баратынын ұмытпаңыз. Қатты толқынның кесірінен суға кеткен адамдар саны қаншама?! Егер, жақсы жүз алмасаңыз, алысқа барып қажеті жоқ және қауіпсіздік үшін арнайы ауа толтырылған кеудеше мен дөңгелектерді пайдаланған жөн.

"Алакөлде шешімін таппай жүрген жалғыз мәселе бар. Ол жолдың - жағдайы. Алакөл бағытына пойыз жүрмейтіндіктен (пойыз Көктұмаға жақын жерге ғана барады), жеңіл көлікпен немесе автобуспен алыс жолды жүріп өтіп қана арман болған Алакөлге жете аласыз. Туристер жолдың жағдайы нашар екенін айтады. Дегенмен, жыл сайын жүйелі түрде жүргізіліп келе жатқан жол жөндеу жұмыстары нәтижелі атқарылып жатыр. Таяуда тептегіс жолмен Алакөлге қарай зулайтын боламыз.

"Алакөл маңында қоныстанған халық

жылына 50 күн ғана жұмыс істейді десек те болады. Мұнда бизнестің түр-түрін жүргізуге болады. Келушілерге тамақ сату, қайықпен қыдырту, балық шаруашылығы, демалыс үйлерінде қызмет көрсету, қолөнер бұйымдарын сатумен айналысатындардың айтуынша, отбасының бір жылдық бюджеті жаздағы екі айлық жұмысқа тәуелді. Алакөл жағасындағы сатушылардың жасы 5-70 жас аралығында. Еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейінгі еңбекке жарамды жандардың барлығы дерлік нәпақасын көл жағасынан табады.


"Алакөлде туризм дамымаған дейсіз бе? Меніңше, бұл қате пікір. Жүздеген демалыс орны мен тұрғын үйлер, киіз үйлер мен арнайы пансионаттар, лагерьлер мен туристік орталықтар демалушыларға сапалы қызмет көрсетуге сақадай-сай тұр. Балалар алаңдары, бассейндер мен массаж орталықтары, би кештері мен ойын-сауық бағдарламаларын өткізетін алаңдар - бәрі-бәрі келушілердің қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қызмет етеді.

"Алакөлде қызып тұрған шаруаның бірі - қайық айдау. Моторлы қайық, ескекті қайық, жылдамдығы жоғары қатерлермен әртүрлі пішіндегі (банан, кресло, балық пішіндес) тіркемесі бар қайықтарға мініп алып, Алакөлдің о шетінде бұ шетіне саяхат жасай аласыз.


"Қайықшылардың бір күндік табысы 20-30 мың теңге айналысында. Алакөлдің ортасында орналасқан, халық "Аралтөбе" деп атайтын белгісіз аралға 7-10 адамға арналған қайықпен барып қатудың өзі 30 мың теңге. Алайда, қайықшылардың табысы ауа райына, келушілер санына байланысты. Дауылды күндері толқынмен ашық шайқасқа шықпауға кеңес береміз.

"Менің Алакөл туралы білгенім осы. Алып-қосар ойларыңыз болса, бізге жолдаңыздар.


Дана МАРАТОВА,
Қаз ҰУ-дың студенті.
"Ұлан". №33. 2016 ж.




**Суретті салған №86 мектептің
1-сынып оқушысы Айсу СӘРСЕНБАЙ**



**Суретті салған №86 мектептің
1-сынып оқушысы Балым МОЛДАХАСАНОВА**
Жаңақорған ауданы.



Суретті салған Бейбарыс БАЛТАБАЙ



Суретті салған Ғазиз СҮЛЕЙМЕН
Айнакөл ауылы.

Балаларға базарлық

Қазақстаным - ғажапстаным

Астана

Мекен еткен алабы,
Сарыарқадай даланы,
Ортасында ерке Есіл,
Сылаң қағып ағады.

Таниды әлем түп-түгел,
Астанамдай қаланы.
"Бәйтерек" пен "Хан шатыр",
Көзіме ыстық болады.

Ақ Ордамнан ізгі істер,
Елге қанат қағады.
Біздер мақтан етеміз,
Салған осы қаланы,
Елбасыдай дананы.

Алматы

Әсем қалам, жәннат қалам,
Алаш атын ардақтаған.
Маң-маң көшкен ақша бұлттар,
Алатаудың шалмасы ма?!
Кім қызықпас Алматының,
Қызыл күрең алмасына?!

Қызылжар

Ну орманды алабы,
Туған Мағжан ұланын.
Қысқы аязы баланың,
Шымшып алар құлағын.

Қостанай

Аңыз қылған о баста,
Ауызынан ел тастамай.
Аты мәшһүр алашқа,
Астығымен Қостанай.

Көкшетау

Көз тоймайтын көрікті,
Бурабайы неткен бұл.
Оқжетпес бұлт-бөрікті,
"Шайтан көлі" мөп-мөлдір.

Кереку

Ертісті емген шаһары,
Елге мәлім атағы.
Баянауыл, Екібастұз,
Жаяу Мұса, Мәшһүрдің,
Жаңарған бұл Отаны.

Қарағанды

Кенші аға селдеткен,
Жақсаң от көмірі.
Қашанда еңбекпен,
Қайнайды өңірі,
Жайнайды өмірі.

Жезқазған

Кеншілердің қонысы,
Кеннің нағыз тұсы дәл.
Жер астында кеніші
Жезіменен мысы бар.

Орал

Ақ бидай даласы,
Ақ Жайық ағады.
Тарихи қаласы,
Қазақтың Оралы.

Ақтау

Қарт Каспийдің жағасы,
Кенішке бай даласы.
Бекет Ата данасы,
Асқақтайды айшықты,
Ақтау-Сити қаласы.

Атырау

Шаһар бұл шырайлы,
Аңызақ аптабы.
Өлкесі мұнайлы,
Елімнің мақтаны.

Ақтөбе

Келбетінен қаламның,
Кетпес нұрлы бақ көрем.
Ажарындай даламның,
Асқақтай бер, Ақтөбем.

Өскемен

Кенді Алтайдың ырысы,
Мызғымайтын мырышы.
Аян байтақ еліме,
Шығысымның нық ісі.

Семей

Қара өлеңнің қайнары,
Шығыс осы жайдары.
Ұлан байтақ Семейім,
Ұлы Абайдың аймағы.

Шымкент

Оңтүстік отаны,
Шымқала шаһары.
Әлемге әйгілі,
Фараби атағы.

Тараз

Фосфорға бай алуан бел,
Шу, Таласқа құмармын.
Кіндік қаны тамған жер,
Бауыржан мен Тұрардың.

Қызылорда

Қорқыт Ата мекені,
Жайқалған Сыр күріші.
Қарт Қаратау етегі,
Егеменді ел ырысы.

Толыбай АБЫЛАЕВ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.

Оқушылар шығармалары

Анашым

Мені әлпештеп өсірген,
Бұзықтығымды кешірген.
Аш қалмасын деп ығи,
Дәмді тамақ пісірген.

Құтты болсын мерекең,
Айналайын анашым.

Жүрген жерің береке,
Жүз жасай бер, анашым!

Әділжан ОРАЗҒАЛИЕВ,
№ 11 мектептің 3 "Ә" сынып
оқушысы.




Суретті салған №11 мектептің 1-сынып оқушысы
Арайлым НУРАЛИНА.



Суретті салған №4 мектептің 4-сынып оқушысы
Элиза СЕРІК.



Суретті салған №86 мектептің оқушысы 1-сынып оқушысы
Дилроза ОСПАН.



Суретті салған №4 мектептің 3-сынып оқушысы
Нұржаусын САБЫР.

Мүшел жастың адам өмірімен тікелей байланыстылығы

Мүшел - 12 жыл уақыт атауы. Қазақтың ұлттық ұғымында жас саны мүшелмен есептеледі. Халық даналығында осы қағида шын мәнінде тапқырлық санақ есебі екенін ғылым да мойындайды. Бұл тәсіл өткен жылдарды есептеуге де, адам жасын анықтауға да өте ыңғайлы әрі бірден-бір оңай есептік жүйе. Мүшелдің алғашқы 13 жылдан бастап, кейін әр мүшел сайын 12 жылдан қосып отырады. Бұрынғы кісілер жасын айтқанда "бес мүшелден екі жыл астым" (63 жас), "жеті мүшелге толдым" (85 жас) дейді. Мүшелдің 12 жылдан қайырылуының өзі адам өмірінің елеулі кезеңіне сәйкес келеді. Осыған орай 4 "Б" сынып оқушысы Мөлдір Молдабектің "Мүшел жастың адам өмірімен тікелей байланыстылығы" тақырыбында зерттеу жасады. Осыны баспасөз бетіне жіберуді жөн санадым.

Қазақ халқы адамның өміріне байланысты бірінші мүшелді ананың құрсағындағы мерзімді есептеп 13 деп алған да, қалған өміріне 12 жылды қосып, 25, 37, 49, 61, 73, 85 т.б жастарды адамның өміріндегі маңызды жылдар деп есептеген. Адам баласы туғаннан бастап, өсіп-жетілу кезеңінде қатерлі жылдар болатындығын айтып келеді. Оны мүшел жас деп атайды.

Алғашқы мүшел 13 жас - бұл адамның балалық шақтан ересектік шаққа дейінгі кезеңі. Ол кезде ер балалардың дауыстары өзгеріп, қыз балалардың дене бітімі сүйкімді бола бастайды.

13 жас кейбір нәзік балалар үшін қауіпті, өйткені баланың бойындағы өзгеріс кезеңі жәйімен өтсе қауіп жоқ, ал күрт өзгерсе, кейбір балалар жүрек, жүйке ауруларына ұшырауы мүмкін десеңді. Осындай мүшел есік қаққанда: "О, Құдірет, мені осы мүшелден қатерсіз өткізе гөр!" - деп Аллаға жалбарынатын.

25 жас - жігіттіктің алғашқы сатысы. Ол кезде ер жігіт бусанып, дене құрылысы өсіп, жетіліп, күші тасып тұратын кез. Бұл мүшелде де садақа беріп, келесі мүшелге дейін аман-есен болайын деп ниет етеді.

37 жас - адам өміріндегі ең басты мүшел. Бұл мүшелде адам жігітшіліктен мосқалдау кезеңге өтіп, ақыл тоқтатып, дүниеге қызыға да, қызғана да қарайтын кез.

49 жас - бұл адамның даналыққа аяқ басатын кезеңі. Бұл мүшелде кейбіреуінің көрілікке мойын бұрмай, "маған көрілік келмесе екен, әлі де болса қартаймай ойнап-күліп қалайыншы" дейтін кезі.

61 жас - адамның даналығы артып, өзінен туған балаға сын көзбен қарап, басқан ізін аңдып, жаман-жақсысын ажыратып, өзі де тәрбиеге келетін кезеңі.

73 жас - бұл көріліктің мойынға мініп, аяғын тұсап, отырса тұруы, тұрса отыруы мұн, жатса ұйқы жоқ, адамның діңкесі құрып, "айһай, жас кезім-ай" деп көкірегі қарыс айырыла күрсініп, дөңбекшіп барып ұйықтайтын кез.

85 жас - бұл мүшелде адамның айдай басы қатып, өзінен кейінгілермен бала құсап ұрсып, жеген тамағын жеген жоқпын деп, өкпелегіш болатын кез. Сол үшін де ел арасында "күлсең көріге күл", бұл жасқа жеткен де бар, жетпеген де бар десеңді.

Әр адам баласы мүшел жастан өткен сайын садақа беріп, жеті нан үлестіріп келеді.

Жинап, зерттеген
С. Сейфуллин
атындағы мектептің
4-сынып оқушысы
Мөлдір МОЛДАБЕК.



Суретті салған №167 мектептің 6-сынып оқушысы Әлихан ЕРЖАНҰЛЫ.
Жаңақорған ауданы



Суретті салған
№203 мектептің
2-сынып оқушысы
Маржан
ЖОЛАМАНҚЫЗЫ.
Жалағаш ауданы.

Туған жер-тұғырың

"Туған жер - тұғырың" дейді халық даналығы. Жалпы туған жердің қадір-қасиеті туралы айтып тауыса алмайсың. Шыр етіп дүниеге келген жер, кіндік қан тамған жер әрқашан да қымбат, әрі ыстық. Әркімнің өз туған жері бар. Мен туған жерімді жақсы көремін. Өйткені бұл жерде құрыш қазақ атанған З.Шүкіров, "Шахнаманы" қазақша сөйлеткен Т.Ізтілеуов, сатирик ақын А. Тоқмағанбетов дүниеге келген.

Қазақ халқының талай ақын-жазушылары туған жер, Отан жайында қалам тартқан. Туған жердің табиғаты, тау-тасы, өзен-көлі, халқы туралы мен де өскенде тамаша шығармалар мен өлеңдер жазғым келеді. Қаланың тазалығына да назар аударып, мән беріп, уақыт бөліп, қаламның өркендеуіне де өз еңбегімді сіңірсем деймін. Себебі, қаламыз таза болса халықтың денсаулығы мықты болып, ауырмайды.

Отан отбасынан басталады. Туған жер, туған қала немесе туған кент. Менің елім үлкен болса да, мен үшін туған жер аса қымбат Тасбөгет кентінен басталады. Дәл осы жерде менің көңілді де шаттықты, уайымсыз балалық шағым өтті. Үйдің маңындағы аулада ойнағаным және бала бақшаға барған көше күні кешегідей әлі есімде. Сол кезде ол маған биік ғамараттай болып көрінетін. Мұнда көліктер сирек жүретін. Ал, қазір бұл кент үлкен

қалашыққа айналуға. Әсем ғимараттар бой көтерді. Балалар ауруханасы, көшелер жарықтандырылып, асфальтталып, көп қабатты үйлер салынып жатыр.

Мен осы күнге дейін өз қаламда көптеген ұлт өкілдерін кездестірдім. Біздің Қазақстан - көп ұлтты мемлекет. Бейбітшілік пен достықта, татулықта бірге жұмыла отырып, қызметтің түрлі саласында қазақтар мен орыстар, татарлар, украиндер мен көрістер Қазақстанды көркейту үшін тынбай еңбек етуде. Бұл қазақ жерінің жомарттығынан, осы өлкелерге тағдыр алып келген барлығына құшағын кең жайып, пейілін кеңге салады. Олар қазақ халқының тілін, тарихы мен салт-дәстүрін білуі керек. Қазақстанда тұратын барлық халықтың татулығы мен бірлігінің мәні осында деп ойлаймын. Осындай бірлік байырғы көркем Қазақстан жерінде бейбітшілікті сақтауға көмектеседі. Қазіргі таңда елімізде 100-ге жуық ұлт-өкілдері бір шаңырақ астында бір ананың баласындай өмір сүріп жатыр. Міне, мен елімді осындай қасиеттері үшін мақтан тұтамын және қадірлеп, қастерлеймін.

Назым АБДУЛЛА,
№11 мектептің 9-сынып
оқушысы.

Мен ұнататын мезгіл

Табиғат жаратылысы өзіне тән жыл, он екі ай, төрт мезгілмен ұштасады. Әр мезгіл өз сұлулығымен таңдай қақтырады. Мысалы қыс - мамықтай жұмсақ, кіршіксіз таза көңілдей аппақ қарымен көрікті болса, ал көктемде жылғалардан су ағып, өсімдік атауы бүршік атып, ағаштар ақ гүлден моншақ тағынады, төрт-түлік те төлдеп тіршілікке жан бітеді. Айналасын жасыл кілемге төсеп дала біткенді суға жүгіртіп, қарынын үзілген жеміске тойдырған жаз да бар.

Иә, көзді ашып-жұмғанша күз мезгілі де келді. Сары жапырақ қоңыр

салқын ауа-райы, жабырқаулы көңіл-күй, қара суық жер күзге тән қасиет. Мектепке асыққан бала, қоймасын астыққа толтырған диқан, қыс азығын жинаған шаруа, еңбекпен біте қайнасқан тірлік күз мезгіліндегі қызықты жайттар. Сондықтан күз - молшылықтың, байлықтың, берекенің мезгілі болып саналады. Маған осы мезгіл осы қасиеттерімен ұнайды.

Мұхаммеджан ИСЛАМУЛЫ,
"Мұрагер" мектебінің
3-сынып оқушысы.

Туған қалама

Қызылорда ел бірлігін жырлаған, Әділдікті қашанда олар қолдаған. "Жыр елі" деп "Сыр елі" деп келді

ғой,
Осыларды халқым менің сақтаған.

Әр қаланың бар ғой әрбір мақтаны,
Алматы ол алмасымен мақтанды.

Күріші мен мұнайға ел кенеліп,
Өсіп келеді Қызылордам еңселі.

Жания БАЙТӘЖИЕВА,
"Мұрагер" мектебінің
4-сынып оқушысы.
Қызылорда қаласы.

Меншік иесі:
"Сыр мектебі"
жауапкершілігі

Айына екі рет шығады

Бас редактор Махмұтбай ӘМІРЕҰЛЫ

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет редакция компьютерінде теріліп, беттелген.
"Сыр медиа" ЖШС баспаханасында басылды.
Тапсырыс 1070

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2001 жылы 28 қазанда тіркеліп, №2418-Г куәлігін алған.
Индексі 65639.
Таралымы 1117 дана.

Мекен-жайымыз:
Қызылорда қаласы, Тасбөгет қонысы, М.Шоқай көшесі №8 үй.
Телефондар:
Бас редактор: 21-50-75.
Тілшілер, есепші: 40-06-72.
E-mail: syrmektebi@mail.ru